ӘОЖ 619:661.164.23:616.995.42

Ертлеуова Б.О., ветеринария ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
Душаева Л.Ж., ветеринария ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
Сатыбаев Б.Г., оқытушы,
Әділбекұлы Д.Ә., магистрант
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

ЕТҚОРЕКТІЛЕР (МЫСЫҚТАР) ОТОДЕКТОЗЫНА ҚАРСЫ АКАРИЦИДТІК ПРЕПАРАТТАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТИІМДІЛІГІ

Аннотация

Мақалада етқоректілерде (мысықтар) кездесетін отодектоз ауруына қарсы акарицидтік препараттарды қолданудың емдік мақсаттағы тиімділігі келтіріліп, үй және иесіз қалған мысықтарға отоференол премиум және отодектин препараттарын қолданудағы инвазия интенсивтілігі мен экстенсивтілігінің тиімді тұсы сипатталған.

***Түйін сөздер**: паразитология, етқоректілер, акарицид, отодектоз, отодектин, отоференол премиум.*

Тақырыптың өзектілігі. Кенелер – өрмекші тәріздестерге жататын ұсақ жәндіктер. Мал дәрігерлік арахнологияда кенелердің паразитиформды түрі – әртүрлі жұқпалы аурулардың тасымалдаушысы, акариформды түрлері – қотыр ауруларын тудыратын өте ұсақ кенелер бөлімін қарастырады.

Етқоректі үй жануарларында паразитарлық аурулар өте жиі кездеседі. Соның салдарынан үй жануарларының уақытылы өсіп-дамуы нашарлап, кейбір паразитарлық аурулар адам ағзасы үшін қауіптілік тудыратыны анық. Соның ішінде ит пен мысықтарда жиі кездесетіні отодектоз ауруы.

Отодектоз – бұл ит, мысық, қасқыр, түлкі, қоян және терісі терісі бағалы аңдардың құлақ қалқандарында қатты қышу туғызумен ерекшеленетін арахноздық ауру. Індеттанулық деректерге назар аударсақ, ауру белгілері күз мезгілінің соңынан көктем мезгілінің басында ит, мысық, түлкі, қоян және т.б. жануарларда айқын байқалады. Таратуышы – ауру жануарлар [1].

Патологиялық өзгерістер жануардың құлақ қалқанында болады. Кене жануарлардың құлақ қалқанына орналасып құлақ қалқанының терісіндегі бар нәрлік заттарды өзіне сорып алады. Жануарда ол тынымсыздық тудырып, мазасызданып құлақ қалқанының қышымасын тудырады. Жануар қышыған құлақ қалқанын тырнап, аурудың одан әрі ушығуына әкеп соғады. Алған жерлерден келесі тері қабаттарына өтіп құлақтың ішкі қабатына еніп, іріңді экссудаттың бөлінуіне алып келеді. Бұл өз кезегінде іріңді менингиттің дамуына алып келеді.

Ветеринарияда отодектоз ауруымен күресуде көптеген акарицидтік әсер етуші заттар тізімі өте көп. Олардың қатарында хлорорганикалық қосылыстардан, бірқатар фосфорорганикалық қосылыстар, карбамид қышқылы, бензилбензоаттар, синтетикалық әсер етуші заттар бар [2].

Бұл орайда зерттеудің негізі – отодектоз кезінде қолдануға қолайлы, әсер етуі негізінде улану көрсеткіші болмайтындай, тиімді дәріні анықтау болып табылуда. Аталған жағдайларды ескере отырып, зерттеу жұмысының барысында емдік мақсатта тиімді деп саналатын дәрілік заттарды қолдану жұмыстың негізгі өзекті тұсы болмақ.

Зерттеудің мақсаты. Орал қаласы бойынша үй және иесіз ауланған мысықтар арасындағы отодектоз ауруына емдік мақсатта акарацидтік препараттарды қолдану арқылы салыстырмалы тиімдісін анықтау болып табылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру барысында үй және иесіз ауланған мысықтар зерттеуге алынды. Зерттеу жұмысы кезінде отодектоз ауруына шалдыққан мысықтарға емдік мақсатта акарацидтік препараттарды қолдандық.

Үй жағдайындағы 6 мысық және иесіз ауланған 6 мысыққа «Отоференол премиум» (құлақ тамшысы) және «Отодектин» (инъекциялық препарат) препараттары қолданылып, бақылау тобына 6 мысық алынып, зерттеу жұмыстары жүргізілді. Электронды микроскоп көмегімен терідегі өлі кенелерді мортальдық әдіспен және виталдық әдіспен тірі кенелерді табу әдістерін қолдандық [3].

Зерттеу жұмысы кезінде тері астылық енгізуге арналған және құлаққа тамшы түріндегі препараттар қолданылды. Алынған препараттарды таңдау барысында әсер ету сипаты, уыттылығы және тиімді қаржылық мүмкіндігі қарастырылды.

Отодектин –үй жануарларын паразиттерге қарсы өңдеуге және емдеуге арналған тері астылық енгізілетін препарат. Оның негізгі белсенді затын – ивермектин құрайды.Аталған препарат жыныстық жетілген және дернәсілдік сатыдағы паразиттерге арналған.Токсикалық сипаттамасы бойынша препарат сүтқоректілер ағзасы үшін аз деңгейде уытты әсер ететін топқа жатады. Терапевтикалық әсерінде ол жергілікті тітіркендіру мен сезімталдықты арттырмайды және эмбриотоксикалық немесе терратогенді әсер тудырмайды. Буаз жануарларда буаздықтың тек соңғы апталарында рұқсат етілмейді.

Препарат иттер мен мысықтарға, терісі бағалы аңдарға арналған. Препарат стерильді, мөлдір ерітінді. Әр миллилитрінде 1 мг ивермектин бар, мөлдір шынылы флаконда 5 мл көлемінде шығарылады. Терапевтикалық мөлшері (емдік) жануардың әр килограмм салмағына 0,2 мл мөлшерінде тағайындалады.

Отоференол премиум – кенелерге қарсы әсер беретін иттер мен мысықтардың отодектозының алдын алу мен емдеуге арналған акарицидті препарат. Негізгі заты – перметрин. Препарат жануарларға құлаққа тамызылатын тамшы түрінде ұсынылған. Жергілікті қабынуық үрдістерге әсер етіп, қышыну мен зақымдалуды азайтады. Буаз жануарларға қолдануға болмайды.

Препатартты 3-5 тамшыдан тазартылған әр құлақ қуысына тамызады. Мысықтарға 3 тамшыдан, одан ірі үй жануарларына 4-5 тамшыдан.

Нәтижелері және талдау. Акарицидтердің тиімділігін анықтау үшін үй және иесіз ауланған мысықтарды 3 топқа бөлдік. Зерттеуге алынған мысықтарға акарацидтік препараттардың тағайындалу мөлшері мен қолданылған препараттардың тиімділігі 1,2-кестелерде және 1-суретте көрсетілген.

1 кесте – Үй және иесіз ауланған мысықтардағы отодектоз ауруы кезінде акарицидтік препараттадың тағайындалу мөлшері

Топ нөмірі	Препараттардың атауы	Топтағы мысықтар саны, n	Препараттың тағайындалу мөлшері
1	Отоференол премиум (тамшы)	6	3 тамшыдан
2	Отодектин (мл)	6	0,2 мл әр килограмм салмағына
3	Бақылау тобы	6	тағайындалмады



1 сурет - Электронды микроскоп арқылы зерттеу

2 кесте –Тәжірибе қорытындысы бойынша препараттардың инвазия интенсивтілігі және экстенсивтілігі бойынша салыстырмалы тиімділігі

Кененің даму түрлері	Зерттеу топтары				
	1 топ (Отоференол премиум)		2 топ (Отодектин)		3 топ (Бақылау тобы)
	Препарат енгізгенге дейін ИИ(экз.)	Препарат енгізгеннен кейін ИИ(экз.)	Препарат енгізгенге дейін ИИ (экз.)	Препарат енгізгеннен кейін ИИ (экз.)	
Жұмыртқа & балаң кене	15	5	10	-	17
Телонимфа & протонимфа	23	2	13	1	16
Ересек сатысы	18	-	16	-	11
ЭИ%	18,6%	2,3%	13,1%	0,3%	14,6%
ИИ/экз	56	7	39	1	

Тәжірибе қойылғанан кейін 10 күннен соң енгізілген препараттардың инвазия интенсивтілігі мен экстенсивтілігі бойынша препараттардың салыстырмалы тиімділігі анықталды. Зеттеудегі жануарлардан қайта тексеруге құлақ қалқанынан қырынды алынып, электронды микроскоппен (жеке-жеке жұмыртқа, балаң кене, нимфалық сатылары протонимфа, телеонимфа, ересек саты) қаралды.

1 топ жануарларына құлақ тамшыларын енгізгеннен кейін 10 күннен соң тиімділік көрсеткіші 2,3% құраса, екінші топ жануарларында тиімділік көрсеткіші 0,3% құрап отыр.

Алынған мәліметтерге қарағанда отодектин препараты отоференол премиумға қарағанда тиімді екенін көрсетіп отыр. Отоференол премиум қолданылған жануарлар тобында залалданудың пайыздық үлесі жоғары екендігін көрсетсе (2,3%), отодектин препараты енгізілген топта оның азайғандығын (0,3%) байқауға болады.

Қорытынды. Отодектоз инвазиясының экстенсивтілік көрсеткішінің азаюы, жануарлардың паразиттерден тазарғандығын көрсетеді. Зерттеуге алынған препараттардың салыстырмалы тиімділігі бойынша отодектин препараты жоғары тиімділікті көрсетті. Сонымен қатар, отодектин препараты үй жануарларының буаздығының соңғы кезеңдеріне дейінгі уақытта қолдануға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Василевич Ф. И., Акбаев М. Ш., Балагула Т. В., Коновалов Н. К Паразитология и инвазионные болезни животных / под ред. М.Ш. Акбаева. – М.: Колос, 2001. С. 488-490.
2. Дьяконов Л. П., Орлов И. В., Абрамов И. В. Паразитарные болезни сельскозяйственных животных. - М.: Агропромиздат, 1985. С. 177-178.
3. Акбаев М. Ш., Водянов А. А., Косминков Н. Е. Паразитология и инвазионные болезни животных. - М.: Колос, 1998. С. 139-14

РЕЗЮМЕ

В статье приведена эффективность применения в лечебных целях акарицидных препаратов против отодектоза плотоядных (кошек), а так же даны результаты экстенсэффективности и интенсэффективности препаратов отоференол премиум и отодектина у домашних и бездомных кошек.

RESUME

The article shows the effectiveness of using of acaricides during treatment of anti-otodectosis carnivores (cats). There were given the results of intensity and extent efficacy after application of otopherenol premium and otodectin preparations in domestic and stray cats.

УДК 619:616.1:636.32

Ильязов Р.Г.[1], доктор биологических наук, профессор, член кор. академии наук РТ
Сеитов М.С.[2], доктор биологических наук, профессор
Биктеев М.М.[2], кандидат биологических наук, доцент
Днекешев А.К. [3], кандидат ветеринарных наук, доцент
Хабибуллин Э.Г.[2], кандидат биологических наук, доцент
Байсыркина В.А.[2], аспирант
[1] Институт пищевых производств и биотехнологии КГТУ (КХТИ), г. Казань, РТ
[2]Оренбургский государственный аграрный университет, г. Оренбург, РФ
[3]Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г. Уральск, РК

ВЛИЯНИЕ ПОЛИСОЛ ОМЕГА-3 НА СИМБИОНТНУЮ ФЛОРУ РУБЦА КОЗ

Аннотация

В данной статье представлен анализ применения пребиотика и пробиотика - Полисол Омега-3 при нарушении флоры рубца у коз молочной продуктивности. Использование при кормлении Полисола Омега-3 способствует у молочных коз оптимизацию количественного и качественного состава симбионтных микроорганизмов, активизирует процессы ферментации в рубце коз и оказывает положительное влияние на моторику преджелудков.